

«Болашақ» мектебі мекемесі
«Ағылшын тілі» ӘБ отырысының
№1 хаттамасы

01.09.2021 ж.

Қатысқандар: 14

Қатыспағандар: -

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. 2021-2022 оқу жылының мақсаттары мен міндеттері.
2. Жүктеме сағаттарды бөлу.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі 2021-2022 оқу жылының мақсатымен міндеттері туралы түсіндіріп өтті.

Екінші мәселе бойынша мұғалімдердің бөлінген апталық жүктеме сағаттарымен таныстырды. Әдістемелік нұсқау хат бойынша стандартқа сай әр пән мұғалімі 1,5 жүктемелік сағаттан артық алуға болмайтынын ескертті.

Әдістеме бірлестік жетекшісі А.Ермекбаева өз сөзінде кадрдың жетіспеушілігіне байланысты 1,5 жүктеме сағатынан артық берілгіндігін және тарифтелетінін айтып өтті.

Әдістеме бірлестік жетекшісі А.А.Ермекбаева өз сөзінде ваканциядағы сағаттар қайта орнына қойылатынында ескертіп өтті.

Шешімі:

1. 01.09.2021ж. мұғалімдердің жүктемесі тарифтелінсін.
2. Артық сағат жүктемесі ваканцияға берілсін.

ӘБ жетекшісі:
Хатшы:

А.А.Ермекбаева
А.Т.Ғұлам

«Болашақ» мектебі мекемесі
«Ағылшын тілі» ӘБ отырысының
№2 хаттамасы

12.09.2021 ж.

Қатысқандар: 14

Қатыспағандар: -

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

3. 2021-2022 оқу жылындағы атқарылатын жұмыстар туралы
4. КТЖ, ҚМЖ уақытылы толтырылуы жөнінде.
5. Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі 2021-2022 оқу жылының жоспары туралы түсіндіріп өтті.

Екінші мәселе бойынша ҰМЖ, ҚМЖ талапқа сай күнделікті мұғалімдердің қолында болу керектігі айтылып өтті.

Әдістеме бірлестік жетекшісі А.А.Ермекбаева өз сөзінде жас мамандардың бос уақытында тәжірибелі мұғалімдердің сабақтарына еніп, тәжірибе алмасу қажеттігі түсіндірілді.

Әдістеме бірлестік жетекшісі А.А.Ермекбаева оқушылардың дәптерлерінің талапқа сай толтырылуы, уақытылы тексеріліп, комментарий жазылу керектігі ескертілді.

Шешімі:

1. ӘБ 1-тоқсанға жоспар бойынша дайындалсын.
2. Оқушылардың дәптерлері талапқа сай тексерілсін.

ӘБ жетекшісі:
Хатшы:

А.А.Ермекбаева
А.Т.Ғұлам

«Болашақ» мектебі мекемесі
«Ағылшын тілі» ӘБ отырысының
№3 хаттамасы

02.11.2021 ж.

Қатысқандар: 14
Қатыспағандар: -

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. 2021-2022 оқу жылындағы 1-тоқсандағы атқарылған жұмыстар туралы.
2. КТЖ, ҚМЖ уақытылы толтырылуы жөнінде.
6. Әртүрлі мәселелер

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі 2021-2022 оқу жылының 1-тоқсан есебі туралы айтып өтті.

Екінші мәселе бойынша ҰМЖ, ҚМЖ талапқа сай күнделікті мұғалімдердің қолында болу керектігі айтылып өтті.

Әдістеме бірлестік жетекшісі А.А.Ермекбаева өз сөзінде жас мамандардың бос уақытында тәжірибелі мұғалімдердің сабақтарына еніп, тәжірибе алмасу қажеттігі түсіндірілді.

Әдістеме бірлестік жетекшісі А.А.Ермекбаева оқушылардың дәптерлерінің талапқа сай толтырылуы, уақытылы тексеріліп, комментарий жазылу керектігі ескертілді.

Шешімі:

1. ӘБ 2-тоқсанға жоспар бойынша дайындалсын.
2. Оқушылардың дәптерлері талапқа сай тексерілсін.

ӘБ жетекшісі:
Хатшы:

А.А.Ермекбаева
А.Т.Ғұлам

«Болашақ» мектебі мекемесі
Ағылшын тілі ӘБ
№ 4 отырысының хаттамасы

29.12.2021ж.

Қатысқандар: 14
Қатыспағандар: 0

Күн тәртібінде:

1. II-тоқсанның оқу-тәрбие қорытындысын талдау.
2. Мұғалімдердің дәптерлерді талапқа сай тексеруі.
3. Мұғалімдердің Күнделік.кз қосымшасына күнделікті ҚМЖ жүктеуі.

Тыңдалды:

Әдістеме бірлестігінің жетекшісі А.А.Ермекбаева бірінші мәселе бойынша сөз алып мұғалімдерді II-тоқсанның оқу-тәрбие қорытындысымен таныстырды. Алдыңғы тоқсандардан пайызы төмен болған сыныптарды бақылауға алыну қажеттілігін атап өтті.

Екінші мәселе бойынша әдістеме бірлестік жетекшісі А.А.Ермекбаева оқушылардың дәптерлерінің талапқа сай толтырылуы, уақытылы тексеріліп, комментарий жазылу керектігі ескертілді.

Мұғалімдердің Күнделік.кз қосымшасына күнделікті ҚМЖ жүктеуі. Күнделікті жүктелмеген жағдайда шара қолданылатыны ескертілді.

Шешімі:

1. Білім сапасы төмен болған сыныптар бақылауға алынсын.
2. Жұмыс дәптерлері талапқа сай тексерілсін.
3. Күнделік.кз ҚМЖ күнделікті жүктелінсін.

Бірлестік жетекшісі: А.А.Ермекбаева

Хатшы: А.Т.Ғұлам

«Болашақ» мектебі мекемесі

Ағылшын тілі ӘБ
№ 5 отырысының хаттамасы

03.04.2022ж.

Қатысқандар: 14
Қатыспағандар: 0

Күн тәртібінде:

- 1.ІІІ-тоқсанның оқу-тәрбие қорытындысын талдау.
2. сынып білім алушыларының ҰБТ нәтижелерін талдау.
- 3.Мұғалімдердің Күнделік.кз қосымшасына күнделікті ҚМЖ жүктеуі.
4. Ұстаздардың әдептілік этикеті мен сабақ өтілу барысы туралы.

Тыңдалды:

Әдістеме бірлестігінің жетекшісі А.А.Ермекбаева бірінші мәселе бойынша сөз алып мұғалімдерді ІІІ-тоқсанның оқу-тәрбие қорытындысымен таныстырды. Алдыңғы тоқсандардан пайызы төмен болған сыныптарды жіті бақылауға алыну қажеттілігін атап өтті. 25.04-06.05.2022 жж. бірлестіктің онкүндігі өтетінін және оған құрылған жоспар бойынша жұмыс жасалу керектігі ескертілді.

Екінші мәселе бойынша А.А.Ермекбаева ҰБТ нәтижесімен таныстырды. Мұғалімдердің Күнделік.кз қосымшасына күнделікті ҚМЖ жүктеуі. Күнделікті жүктелмеген жағдайда шара қолданылатыны ескертілді. Келесі кезекте А.А.Ермекбаева ұстаздардың сырт келбеті, сөйлеу әдебі, мұғалім этикеті, т.б. мәселелерге тоқталып өтті және сабақтарда телефон қолданбау қажеттігін қатаң ескертті.

Шешімі:

- 1.Білім сапасы төмен болған сыныптар бақылауға алынсын.
- 2.ӘБ онкүндікке жоспар бойынша дайындалсын.
- 3.ІІІ-сынып оқушыларымен жұмыс жандандырылсын.
- 4.Күнделік.кз ҚМЖ күнделікті жүктелінсін.

5.Ұстаздарға сабақ барысында ұялы телефонды қолданбау қатаң түрде ескертілсін.

Бірлестік жетекшісі: А.А.Ермекбаева

Хатшы: А.Т.Ғұлам

«Болашақ» мектебі мекемесі
Ағылшын тілі ӘБ
№ 6 отырысының хаттамасы

30.05.2022ж.

Қатысқандар: 14
Қатыспағандар: 0

Күн тәртібінде:

1. IV-тоқсанның оқу-тәрбие қорытындысын талдау.
2. 9-сынып оқушыларын мемлекеттік емтиханға дайындау.
3. 11-сынып білім алушыларының ҰБТ нәтижелерін талдау.

Тыңдалды:

Әдістеме бірлестігінің жетекшісі А.А.Ермекбаева бірінші мәселе бойынша сөз алып мұғалімдерді IV-тоқсанның оқу-тәрбие қорытындысымен таныстырды. Алдыңғы тоқсандардан пайызы төмен болған сыныптарды келесі оқу жылында жіті бақылауға алыну қажеттілігін атап өтті.

Келесі мәселе бойынша әдістеме бірлестігінің жетекшісі 9 «Ә» сынып оқушылары таңдау пәні ретінде ағылшын тілін таңдағандықтан, олармен емтиханға дайындық жұмысын жүргізу ұсынылды.

Үшінші мәселе бойынша А.А.Ермекбаева ҰБТ нәтижесімен таныстырды. Ағылшын тілі пәнін таңдау пәні ретінде тапсыратын бітірушілердің нәтижелерін талдап, пән мұғаліміне жұмысты күшейту керектігі айтылды.

Шешімі:

1. Білім сапасы төмен болған сыныптар бақылауға алынсын.
2. 9-сынып оқушыларымен мемлекеттік емтиханға жұмыс күшейтілсін.
3. 11-сынып оқушыларымен жұмыс жандандырылсын.

Бірлестік жетекшісі:

А.А.Ермекбаева

Хатшы:

А.Т.Ғұлам